

ББ тізілімі
7R01107 Гастроэнтерология (ересектер, балалар) білім беру бағдарламасы бойынша резидентура
Оқу мерзімі – 2 жыл

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01107 Гастроэнтерология (ересектер, балалар)
2	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7
3	Білім облысы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
4	Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау
5	Білім беру бағдарламасының тобы	R004 Ересектердің, балалардың гастроэнтерологиясы
6	Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа
7	Даярлау бағытының лицензиясы	KZ87LAA00017356 от 08 ноября 2019 года
8	Білім беру бағдарламасының аккредиттеу	-
9	Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейі	Жоғары медициналық білім, интернатура куәлігінің болуы
10	Білім беру бағдарламасының мақсаты	«Гастроэнтерология (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша кәсіби құзыреттілік жүйесіне ие, практикалық денсаулық сақтау талаптарына сай, заманауи жағдайда өз бетінше кәсіби қызметке қабілетті жоғары білікті дәрігер даярлау
11	Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	Жоқ
12	Серіктес ЖОО	Жоқ
13	Оқу нәтижелері	<p>ОН1 Клиникалық-зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, жүргізілген дифференциалды диагноз негізінде клиникалық диагноз қою мақсатында гастроэнтерологиялық бейіндегі пациенттердегі негізгі симптомдар мен синдромдарды анықтай білу, асқорыту ағзаларының әртүрлі ауруларын емдеу, оңалту және алдын алу жоспарын тағайындай білу, сондай-ақ емделуді бақылау үшін пациентті бақылау.</p> <p>ОН2 Асқорыту ағзаларының аурулары кезінде пациент үшін ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пациентпен, оның айналасымен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасау. Пәнаралық топта қатар жүретін патологиясы бар науқасты басқару тактикасын айқындау.</p> <p>ОН3 Асқорыту ағзаларының аурулары бар науқастарға медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалай білу және диагностика мен емдеудің ең тиімді әдістерін қолдану.</p> <p>ОН4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің қолданыстағы құқықтық және ұйымдастырушылық құжаттары шеңберінде әрекет ету.</p> <p>ОН5 Клиникалық құзыреттіліктерді және заманауи диагностикалық технологияларды меңгеру деңгейін арттыру мақсатында халықаралық медициналық деректер базасын күнделікті тәжірибеде пайдалану.</p>

	этиологиясының созылмалы аурулары бар пациенттерді басқару бойынша терең білім мен қосымша дағдылар мен құзыреттерді қалыптастырудың іргелі және клиникалық аспектілерін қамтиды.												
Онкология негіздері	Пән асқорыту ағзаларының онкопатологиясын ерте диагностикалау және алдын алу бойынша білімді, асқазан-ішек жолдарының онкологиялық патологиясы бар пациенттердің курация дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	13	2	+	+	-	-	-	-	+	+
Нутрициология	Пән ересек пациенттерде және асқорыту ағзаларының патологиясы бар балаларда нутритивтік мәртебені диагностикалау, асқазан-ішек жолдарының, гепатобилиарлық жүйенің және ілеспе патологиялардың әртүрлі ауруларында нутритивтік бұзылуларды түзетуді жүзеге асыру бойынша білімді қалыптастырады.	БП	МК	12	2	-	+	-	+	+	+	-	-
Эндоскопия	Пән асқазан-ішек жолдары мен өт жолдарының әртүрлі ауруларында диагностиканың эндоскопиялық әдістерін зерттеуге, диагностика мен емдеудің заманауи эндоскопиялық әдістері бойынша білімді қалыптастыруға бағытталған. Дәрігер-резидентке цитологиялық және гистологиялық зерттеулердің, алынған биоптаттардың нәтижелерін түсіндіру бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырады. Эзофагогастродуоденоскопия әдісін дербес орындау дағдыларын дамытады.	БП	МК	16	1	+	-	-	+	+	-	+	-
Ультрадыбыстық диагностика	Пән іш қуысы мүшелерінің ауруларын ультрадыбыстық диагностикалау әдістерін, соның ішінде бауыр тамырлары мен портал жүйесінің доплерографиясын, фиброздың сатысы мен стеатоз дәрежесін анықтайтын бауыр тінінің эластографиясын зерттейді.	БП	МК	12	1	+	-	-	+	+	-	-	+

	Ультрадыбыстық диагностикада балалар денесінің ерекшеліктерін зерттейді. Құрсақ қуысы мүшелері ауруларының ультрадыбыстық диагностикасын дербес орындау дағдыларын қалыптастырады.												
Таңдау бойынша Компонент		БП	ТК	4	2								
Асқорыту жүйесінің аурулары кезінде бие сүтін (инновациялық түрлері) қолданудың емдік-диагностикалық критерийлері, балалық шақты қоса алғанда	Пән бауыр аурулары мен асқазан-ішек жолдарының әртүрлі патологиялары кезіндегі инновациялық түрлерді (мұздатылған кептірілген ұнтақ, пастерленген) қоса алғанда, бие сүтінің емдік-диеталық, профилактикалық және оңалту қасиеттерін зерттеуге бағытталған. Дәрігер-резиденттерде балаларда (жас санаттарына байланысты) бие сүтінің инновациялық түрлерін қолдану ерекшеліктерін анықтау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырады.	БП	ТК	4	2	+	+	+	+	+	+	+	+
Гастроэнтеролог иядағы балалар мен ересектердің сирек кездесетін (орфандық) аурулары	Пән асқорыту ағзаларында сирек кездесетін ауруларды диагностикалау және клиникалық тұрғыда түсіндіру үшін білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Дәрігер-резиденттерде педиатр, хирург, морфолог, генетик және басқа да мамандармен бірлесе отырып, орфандық аурулары бар пациенттерді басқару тактикасы бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырады.	БП	ТК	4	2	+	+	+	+	+	+	+	+
Асқазан-ішек жолдарының ауруларының сәулелік диагностикасы	Пән рентген сәулелерін, магнитті-резонансты, компьютерлік және позитронды-эмиссиялық томографияны қолдана отырып, асқорыту ағзаларының әртүрлі ауруларына арналған әртүрлі радиофармацевтикалық препараттарды қолдана отырып, диагностикалық әдістерді зерттеуге бағытталған, асқазан-ішек жолдарының және гепатобилиарлы жүйенің онкопатологиясын диагностикалау және	БП	ТК	4	2	+	-	+	-	+	-	+	+

